

**Педагогикалық кеңес отырысының
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: «Жылдық қорытынды»

Өткізілген күні: «13» 05. 2024 ж.

Өткізілген орны: «Балбөбек»бөбекжайы» КМҚК

Қатысқандар саны: 28

Күн тәртібі

1. 2023–2024оқу жылының қорытындысы.
2. Жыл бойы өткізілген педагогикалық кеңестер шешімдерінің орындалуы туралы есеп.
3. Балалардың білім, білік, дағдыларының меңгерілу деңгейін талдау.
4. Педагогтердің оқу жылындағы қызметінің нәтижелері.
5. Келесі оқу жылына арналған міндеттерді айқындау.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

Меңгеруші Қ.Д.Бақтыбаева оқу жылының қорытындысы туралы баяндама жасады. Оқу жылы барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкес білім беру қызметі ұйымдастырылғаны айтылды. Жылдық жоспарға сәйкес барлық іс-шаралар өткізілді, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалды.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер М.К.Каргатаева жыл бойы өткізілген педагогикалық кеңестерде қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

Атап айтқанда:

- * оқу-тәрбие процесіне заманауи педагогикалық технологияларды енгізу;
- * «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру;
- * балалардың танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- * ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын күшейту;
- * педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстардың орындалуы туралы ақпарат берілді.

Жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша педагогикалық кеңес шешімдерінің басым бөлігі толық орындалғаны атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиешілер балалардың даму мониторингінің қорытынды нәтижелерін таныстырды. Балалардың білім беру салалары бойынша меңгерген дағдылары талданып, оң нәтижелер көрсетілді. Кейбір бағыттар бойынша келесі оқу жылында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша:

Педагогтердің кәсіби жетістіктері, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, байқаулар мен семинарларға қатысуы туралы мәліметтер ұсынылды.

Қаулы етеді

1. 204–2025оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогикалық кеңестерде қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп бекітілсін.
3. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері назарға алынсын.
4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыстар келесі оқу жылында да жалғастырылсын.
5. Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
6. Келесі оқу жылына арналған жылдық жоспарды әзірлеу барысында анықталған ұсыныстар мен қорытындылар ескерілсін.
7. Жыл бойы нәтижелі еңбек еткен педагогтерге алғыс жариялансын.

«Балбөбек»бөбекжайы»КМҚК

меңгерушісі:

Хатшы:



М.К.Каргатаева

Г.Ж.Ермекбаева